

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP14972742 «Be құбылысының табиғатын зерттеу».
Жоба өзектілігі	<p>Қос жұлдызды жүйелердегі зат алмасу процестерін зерттеу жұлдыздардың, галактикалардың және жалпы Ғаламның эволюциясын тану процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Жұлдыздар эволюциясының барлық кезеңдерінде жұлдыздың маңындағы материямен қоршалған. Қабықшалар жұлдыздардың бақыланатын сипаттамаларын өзгертіп, олардың зерттелуін қиындатады.</p> <p>Be құбылыс В типті жылдам айналатын жұлдыздарды бақылау кезінде спектрінде эмиссиялық сызықтардың болуымен анықталады. Be құбылысы бар жұлдыздар ИҚ шығынның болуын, жарықтылық пен спектрлік сызықтардың өзгеруін, сондай-ақ сәулелену спектрінің толық жоғалу кезеңін көрсетеді. Олар шаңсыз диск тәрізді қабықшаларға ие және бас тізбектің эволюция сатысында деп саналады. Be жұлдыздарының кейбір байқалатын қасиеттері, мысалы, жылдам айналу және айналмалы дискілердің болуы, шамамен 40 жыл бұрын ұсынылған және оны қос жүйе ретінде түсіндіреді. Бастапқыда бұл гипотеза растайтын мәліметтердің болмауына байланысты жақсы қабылданбағанымен, жоғары ажыратымдылықтағы спектроскопияның пайда болуымен бұл гипотеза берік негіз алды. Соңғы екі онжылдықта көптеген жарық Be жұлдыздары қос жүйенің негізгі компоненттері ретінде танылды.</p>
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты - жұлдыздық жүйеден (бір немесе екі жұлдыз) және жұлдыз маңындағы қабықшадан тұратын, объектіден шығатын сәулеленудің сипаттамаларын жұлдыз маңындағы қабықшаның пайда болу механизмі ретінде есептеуге мүмкіндік беретін спектралды бақылау әдістерімен Be және B[e] құбылыстары бар объектілердегі қосарлықты зерттеу.
Жоба міндеттері	<p>Одан әрі бақылау үшін объектілерді іріктеуді айқындау – жартысы жоба басталғанға дейін жаңа объектілерді қоса отырып және бар деректерді жинау және талдау арқылы анықтау;</p> <p>2. Спектралды бақылаулар жүргізу және алынған мәліметтерді IRAF программалау пакетінде өңдеу;</p> <p>3. Париж обсерваториясының ашық базасынан алынған мәліметтерді жинақтау және жүйелеу (Bess, спектрлер, негізінен, На сызығының аймағындағы алынған ұзынсаңылаулы спектрографтармен және эшелдік спектрлер) және Анатолий Сергеевич Мирошниченко (постдокторанттың ғылыми кеңесшісі) және Three College-де университеттегі басқа әріптестермен 30 Be жұлдыздың 1500-ге жуық эшелдік спектрлері алу.</p>

	<p>4. Анатолий Сергеевич Мирошниченко (постдокторанттың ғылыми кеңесшісі) жасаған программаның көмегімен орбиталардың бақыланатын әртүрлі параметрлері мен элементтері үшін есептеулер жүргізу.</p> <p>5. Алынған бақылау мәліметтерін талдау.</p>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>1) Ве құбылысы бар объектілер класы арасында қосарлықтың қаншалықты жиі кездесетіні туралы қорытынды;</p> <p>2) қосарлықты табу әдістерін тексеру (қосарлықты табу үшін әлі қолданылмаған спектрлік сызықтарда, мысалы, Hβ сызығы);</p> <p>3) қос Ве жұлдыздарды одан әрі зерттеу стратегиясы ұсынылады;</p> <p>4) жоба үшін жиналған бақылау деректері жұлдыздардағы бүгінгі күні нақты түсіндірмесі жоқ жұлдыз маңындағы дискілердің пайда болуы және жоғалып кетуі туралы мәселені шешу үшін қолданылады.</p> <p>-Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдің журналдарында кемінде 2 (екі) мақала немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар мақалалар.</p>
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	<p>1. Амантаева А.Е. –HC, руководитель. ORCID: 0000-0001-6964-8444; Scopus Author ID: 57320848800.</p>
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	-
Патент туралы ақпарат	-